



«БЕКТЕМІН»

Халықаралық қазақ-түрік
университетінің ректоры
Ж. Темірбекова
2022 ж

САПА МЕНЕДЖМЕНТІНІҢ ЖҮЙЕСІ ЖН-СМЖ-031-2022


АРХЕОЛОГИЯ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫНЫҢ «АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ МАТЕРИАЛДАРДЫ СИПАТТАП ЖАЗУ МЕН ӨНДЕУДІҢ ТӘРТІБІ» ЖҰМЫС НҮСҚАУЫ

АЛҒЫ СӨЗ

1. Археология ғылыми-зерттеу институтымен ӨЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ
2. Өзірлегендер - Археология ғылыми-зерттеу институтының директоры
К.Жетібаев
- Аға ғылыми қызметкер М.Бахтыбаев
- Ғылыми-қызметкер Л.Малдыбекова
3. Келісілді - Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры
А.Ошибаева
- Заң бөлімінің басшысы Г.Мусаханов
- Адам ресурстарын басқару бөлімінің басшысы
К.Тубеков
- Стратегиялық даму, рейтинг және сапа
органының басшысы Ж.Дарибаев
4. ЕНГІЗІЛДІ - 2022 ж.
5. Тексерілу мерзімі - 2024 ж.

Қызмет бабында пайдаланатын басылым

Түркістан



<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>ЖН-СМЖ-031-2022</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Жұмыс нұсқауы	
«Археологиялық материалдарды сипаттап жазу мен өңдеудің тәртібі» жұмыс нұсқауы		4 беттің 2 беті

1 ҚОЛДАНУ АЯСЫ

1.1 Бұл жұмыс нұсқауы Археология ғылыми-зерттеу институтында ғылыми қызметкерлердің археологиялық материалдарды сипаттап жазу мен өңдеудің кезінде қолданылады.

1.2 Жұмыс нұсқауы институт қызметкерлерін ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруына міндеттейді.

1.3 Жұмыс нұсқауы Археология ғылыми-зерттеу институтының құжаттарының құрамына енеді және қызметкерлер мен басшылық тарапынан орындалуы міндетті.

2 СІЛТЕМЕ ҚҰЖАТТАРЫ

Жұмыс нұсқауын даярлау барысында келесі нормативтік құқықтық құжаттар пайдаланылды:

- ҚР «Еңбек туралы» заңы
- ҚР «Тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану туралы» заңы
- ҚР «Ғылым туралы» заңы.
- Университет Жарғысы
- ISO 9001:2015

3 ТЕРМИНДЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

СМЖ – сапа менеджментінің жүйесі

ЖН- жұмыс нұсқауы

4 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

4.1. Сипаттап жазу маңызды ғылыми-зерттеу жұмысы және ғылыми деректерді жеткізу құралы болып табылады.

4.2. Ескерткіштің сипаттамасы қысқа, артық сөзсіз болуы тиіс. Заттар мен объектілерді сипаттап жазуда иллюстрациялар, сызбалар, схемалар, кестелер үлкен маңызға ие.

4.3. Сипаттама алдын-ала дайындалған бірыңғай жүйе бойынша жасалады.

4.4. Зерттеудің мақсатына қарай сипаттама қысқаша болуы мүмкін, алайда, оны жазуда келесі талаптар қатаң сақталуы тиіс:

- объективтілік (сипаттамада маңызы – көлемдері, салмағы, пішіні, технологиясы, құрамы, кезендік белдеудегі орналасуы, сабақтастығы, т.б. объективті белгіленген мағлұматтар ғана енгізіледі).

- біркелкілік (сипаты жағына өзара жақын заттар мен объектілердің сипаттамасы бірыңғай сабақтастықта жасалуы тиіс).

- шолу (күрделі объектілерді сипаттауда алдымен өзара байланысты объектілерді бөліп, олардың қысқаша жалпы сипаттамасы беріледі, сонан соң олар тиянақты сипатталады; мұндай жағдайда мәтінмен бірге жоба мен объектілерге бөлу схемасы, сондай-ақ объектілердің жекелеген жобалары мен кесінділері беріледі. Заттардың, әсіресе өзара ұқсас заттардың кестеде берген дұрыс).

4.5. Заттарды, объектілерді сипаттауда келесі белгілерге назар аудару керек:

- сапалық (объектіде – мысалы, белгісінің болуы немесе болмауы, ернеудің пішіні, объектінің түсі, объект материалы);

- сандық (өлшемі, салмағы, көлемі, үлкен, орташа)

4.6. Зерттеліп отырған объектіні сипаттау үшін алынған белгілер мәтінде жүйелі болуы тиіс. Белгілердің тізіміне бірқатар талаптар кіреді:

- толықтығы (бұл жерде морфологиялық, технологиялық, төлқұжаттық, т.б. толықтық);

- ашықтылық (белгілердің тізімі кейінгі толықтыру оның құрылымын бұзбай жеңіл болатындай етіліп жазылуы керек);

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		ЖН-СМЖ-031-2022
Сапа менеджментінің жүйесі	Жұмыс нұсқауы	
«Археологиялық материалдарды сипаттап жазу мен өңдеудің тәртібі» жұмыс нұсқауы		4 беттің 2 беті

- қарапайымдылық (белгілердің тізімі құрылымы жағынан ғана емес, құрамы жағынан да қарапайым болуі тиіс);
- ыңғайлылық (белгілер тізімі оны автор мен оқырманға пайдалануға ыңғайлы етіліп жасалады).

4.7. Мәліметтерді өңдеу сияқты әртүрлі зерттеу жұмыстарының нәтижесінде белгілі бір тарихи қорытынды жасауға болады.

4.8. Зерттеудің онан әрі ыңғайлылығы үшін алдын-ала сұрыптау жүргізіліп, материалдарды реттеу орындалады.

4.9. Семантикалық, стилистік, морфологиялық, қолданбалы ерекшеліктері бойынша ежелгі адамдар жасаған заттардың немесе объектінің түрлерін анықтау арқылы оның хронологиясын анықтауға талпыныс жасалынады.

КЕЛІСІЛДІ

Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры



А.Ошибаева

Заң бөлімінің басшысы



Г.Мусаханов

Адам ресурстарын басқару бөлімінің басшысы



К.Тубеков

Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының басшысы



Ж.Дарибаев

